



Мектеп директоры  
Ж.К. Уразбаева  
2023 ж.

«Келісілді»  
Аудандық білім бөлімінің әдіскері  
*Амангелдіқызы*  
« 24 » 08 2023 ж.

## ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ ҚЫЗМЕТІ БОЙЫНША ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫ

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі  
№ 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту  
министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы негізінде*

*Білім беру ұйымдарындағы психологиялық қызметтің іске асуы мен негізгі міндеттері білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу принциптері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 17 наурыздағы № 68 бұйрығы негізінде*

**Психологиялық қызметтің мақсаты** - білім алушыларды табысты оқыту, дамыту, әлеуметтендіру және кәсіби білім беру траекториясын саналы таңдауды қалыптастыру үшін психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік жағдайлар жасауға бағытталған

**Психологиялық қызметтің міндеттері:**

- 1) Оқыту процесінде білім алушылар мен тәрбиеленушілердің даму жағдайын психологиялық-педагогикалық талдау, негізгі проблемалар мен олардың туындау себептерін анықтау, оларды шешу құралдарын айқындау, сондай-ақ ұжымның педагогикалық қызметі үшін қауіпсіз орта құру;
- 2) оқу процесінде баланың психологиялық-педагогикалық мәртебесін және оның психологиялық даму динамикасын мониторингтеу; білім алушылар мен тәрбиеленушілердің оқу қызметін дараландыруға жәрдемдесу;
- 3) білім алушылардың жеке ерекшеліктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оқыту нәтижелеріне қойылатын мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын орындауға жәрдемдесу болып табылады;
- 4) әлеуметтік қауіпсіздік, психологиялық денсаулық проблемаларын еңсеруге және деструктивті мінез-құлық нысандарының алдын алуға, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді бейімдеу, оқыту және тәрбиелеу қиындықтарына бағытталған жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу;
- 5) жана әлеуметтік тәжірибені саналы және белсенді түрде беру арқылы білім алушылар мен тәрбиеленушілердің бойында өзін-өзі дамытуға және өзін-өзі жетілдіруге әмбебап оқу дағдыларын қалыптастыру мен қабілеттерін дамытуға жәрдемдесу болып табылады;
- 6) білім беру процесіне қатысушыларға, олардың жеке құқықтарына қысым жасамай, өзара көмек, эмпатия, жауапкершілік, өзіне сенімділік, шешім қабылдау қабілеті, белсенді әлеуметтік өзара іс-қимыл қағидаттарын тәрбиелеу мен қалыптастыруға жәрдемдесу болып табылады;
- 7) Білім беру ұйымының психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік қолдау саласындағы ғылыми және практикаға бағдарланған жетістіктерін тарату және практикаға енгізу болып табылады;
- 8) білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке мүмкіндіктері мен ерекше қажеттіліктерін ескере отырып, оларды әлеуметтендірудің тиімді жағдайларын жасау үшін білім беру процесіне қатысушыларға психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу көрсететін педагогтер мен мамандардың пәнаралық, командалық өзара іс-қимылын қамтамасыз ету;
- 9) білім беру ұйымының алқалы органдарымен және білім беру, денсаулық сақтау, халықты әлеуметтік қорғау, Ішкі істер мүдделі органдарымен өзара іс-қимыл жасау болып табылады.

*Ж.Жабаев атындағы №234 мектептің психологиялық қызмет орталығының 2022-2023 оқу жылында атқарған жұмыстарына талдамалық*

**ЕСЕБІ**

- 2022-2023 оқу жылы бойынша жүргізілетін психологиялық жұмыстардың бұйрықтары (№377 Психологиялық қызмет қағидасы, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу) шығарылып, бекітілді;
- Жыл бойы атқарылатын жылдық, айлық жоспарлар, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, ерекше бақылау, ерекше білім беруге қажеттілігі бар, қабілеті жоғары, тәуекел тобына алынған, мектепшілік бақылауға алынған, үйден оқитын, 1,5,11-сынып оқушыларымен жүргізілетін, зорлық-зомбылық, аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алу, құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған бірлескен жоспар, т.б жоспарлар әзірленіп, жоспар бойынша жүйелі жұмыстар атқарылды;
- Мектеп бойынша ерекше білім беруді қажет ететін, қабілеті жоғары оқушылардың тізімі жинақталды;
- №377 бұйрық бойынша мұғалімдерге бірлескен жұмыс жасау қағидасына сәйкес түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, токсан сайын бірлескен отырыс өткізілді;
- 1-11 сыныптар бойынша жыл бойы жүргізілетін психодиагностикалық жұмыстарды жүргізуге ата-аналардан келісім қолхаты алынды;
- 2022-2023 оқу жылында оқушылар, ата-аналар, мұғалімдермен жүргізілетін диагностикалық жұмыстардың тізбесі және деректер банкі жасалды;
- Мектеп партасында отырған ерекше білім беру өажеттілігі бар оқушылармен жүргізілетін жеке психологиялық сүйемелдеу жұмысының жоспары жасалып, бекітілді. Жоспар бойынша оқушымен жеке психологиялық қолдау жұмысы жүргізілді;
- 1-сынып оқушыларының мектепке психологиялық деңгейін анықтау мақсатында «Баланың қоршаған дүниені бағдарлай алуын және тұрмыстық білім қорын анықтау» Р.С.Немова әдістемесі, Керн-Йерасек әдістемесі жүргізілді. Жоспар бойынша түзету жұмыстары жүргізілді;
- 5-сынып оқушыларының «Мектептегі мазасыздық деңгейін анықтау» Филлипс әдістемесі, «Оқу мотивациясына анықтау» сауалнамасы, «Менің сыныбым», Д.Морено «Социометрия», «Темперамент» әдістемелері алынды. жоспар бойынша коррекциялық жұмыстар атқарылды;
- 9,11-сынып оқушыларымен кәсіби бағытын анықтауға арналған «Голомшток», «Дж.Голланд», «Профиль» әдістемелері жүргізіліп, қортындысы бойынша оқушыларға оқушыларға мамандық таңдауға байланысты кеңестер берілді;
- 11-сынып оқушыларымен бойындағы жағымсыз сезімдерден арылу, мазасыздықты болдырмау, қорқыныштан арылу, қиындықты жеңе білуге бағыт –бағдар беруге арналған психокоррекциялық жұмыстар жүргізілді;

- PBTS республикалық зерттеуіне қатысатын оқушылардан сауалнама алынып, тренинг жүргізілді . PBTS республикалық зерттеуіне қатысатын оқушылардың ата-аналарынан , мұғалімдерден, мектеп әкімшілігінен сауалнама алынып, оқушылармен психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді;
- Сұраныс бойынша жеке және топтық психологиялық жұмыстар жүргізілді;
- Психологиялық қызмет журналдары, оның ішінде: сұранысты тіркеу, жеке кеңес беру журналдары, ерекше бақылауды қажет ететін оқушыларды бақылау, мектепшілік бақылау, тәуекел топ оқушыларын бақылау журналдары, толтырылды;
- Жоспарға сәйкес 5-6 оқушыларынан «НСВ-10» әдістемесі және 7-11 сынып оқушыларынан «DASS шкаласы», «Ховард» әдістемесі жүргізіліп, нәтижесі шығарылды. Жүргізілген әдістемесі және эссе нәтижесінде қараша айында «Психологиялық қолдау» тобына 1 оқушы алынып, 1 оқушы дәрігерге жолданып кеңес алды, наурыз айында жүргізілген тест нәтижесімен 1 оқушы «Тәуекел тобына» алынып, дәрігерден кеңес алды;
- Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын алуға бағытталған жұмыстар жоспар бойынша жүргізілді;
- Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғауды күшейту, тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы іс-қимыл және жасөспірімдер арасында аутодеструктивті мінез-құлықтың көбеюі мәселелерінің алдын алуға бағытталған бірлескен жұмыстар жүргізілді;
- Оқушылардың дарындылық деңгейін анықтауға бағытталған Американдық мамандар Ф.Татл және Л. Беккердің мұғалімдерге арналған «Балалардың бейімділігінің мүмкіншілігін және дарындылығын анықтау» тест-сауалнамасы ата-аналар мен мұғалімдерден алынып, қабілеті жоғары оқушылармен психологиялық сүйемелдеу жұмыстары жүргізілді;
- АІБ инспекторы, ДТЖЖО, мектеп мейіркешімен бірлесе отырып, ер балалар арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, зиянды әдеттерден аулақ болуға арналған жиналыстар өткізілді;
- АІБ инспекторы, ДТЖЖО, мектеп мейіркешімен бірлесе отырып, оқушылар арасында зорлық-зомбылықтың алдын алу, қауіпті жағдайлардан өзін қорғай білуіне қолдау көрсету мақсатында кездесу өткізілді;
- Жетес би ауылдық емханасы психологі, Жастар денсаулық орталығы мамандары, инспектормен бірлесе қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған, жағымсыз әдеттерден аулақ болу, ерте жүктіліктің алдын алуға арналған кездесулер өткізілді;
- **Психологиялық қызмет жұмысындағы жетістіктер:**
- Ермаханова Баян аудандық «Үздік педагог психолог» байқауына қатысып, 1 орын иегері, Облыстық «Үздік педагог психолог» байқауынан жүлделі ІІ орын иегері атанды
- Онлайн «Үздік педагог-психолог» сайысына қатысып І дәрежелі дипломмен
- «Үздік ашық сабақ» Іреспубликалық педагогикалық байқауының І орын иегері
- аудандық семинарларда, бірлестік отырыстарында психологиялық тренинг көрсетілді.

Іс-шаралар	Жұмыстың бағыттары	Нысаналы топ	Орындау мерзімі	Орындалу нысаны	Жауапты	Орындалу туралы белгі
<i>1. Диагностика</i>						
Оқушының мектепке психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: «Керн-Йирасек» тесті 1)Адамның суретін салу 2)Сөздеркөшірмесі 3)Нүктелеркөшірмесі	Диагностика	1 сынып	Қыркүйек	Тест	Педагог – психолог	Анықтама
Бесінші сынып оқушыларының орта буынға бейімделу кезеңінде психологиялық дайындығын зерттеу; Жүргізілетін әдістеме: -«Менің сыныбым» әдістемесі; -«Социометрия» әдістемесі Дж. Морено	Диагностика	5 сынып	Қыркүйек	Проективті әдістеме	Педагог – психолог	Анықтама
3. Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме: DASS шкаласы /7-11сынып/ НСВ-10 тесті /5-6 сынып/	Диагностика	5-11 сынып	Қазан	Сауалнама, тест	Педагог – психолог	Анықтама
4. Оқушының психологиялық саулығын бағалау шкалалары Эссе: «Өзінді мақта» /5 сынып/ «Менің армандарым» /6 сынып/ «Менің өмірім» /7 сынып/	Диагностика	5-11 сынып	Қараша	Эссе	Педагог – психолог	Анықтама

«Менің айтылмаған сырларым» /8 сынып/ «Мен өзгерткім келеді» /9 сынып/ «Мен таңдаған өмір» /10 сынып/ «Болашаққа хат» /11 сынып/							
Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін анықтау (зейін, ес, қиял, ойлау т.б)	Диагностика	2-4 сынып	Желтоқсан	Тест	Педагог – психолог	Анықтама	
«Кактус» әдістемесі	Диагностика	МАД	Желтоқсан	Тест	Педагог – психолог	Анықтама	
Темперамент	Диагностика	1 сынып, жаңадан келген оқушылар, сұраныс бойынша	Қаңтар	Тест	Педагог – психолог	Анықтама	
А.Голомштоктің «Қызығушылық картасы», Дж. Голланд әдістемесі	Диагностика	9,11 сынып	Қаңтар	Тест, сауалнама	Педагог – психолог	Анықтама	
Педагогтардың кәсіби-тұлғалық ерекшеліктерін және эмоционалды-еріктік аймағын диагностикалау. «Мұғалімнің шыдамдылығы», «Мұғалімнің әдептілігі» әдістемелері	Психодиагностика	Мұғалімдер	Ақпан	Тест	Анықтама		
0. Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау Жүргізілетін әдістеме: DASS шкаласы /7-11 сынып/ НСВ-10 тесті /5-6 сынып/	Диагностика	5-11 сынып	Наурыз	Сауалнама, тест	Педагог – психолог	Анықтама	

<p>Бірінші сынып оқушыларын мектеп өміріне бейімделуіне психологиялық сабақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Кел танысайық» тренингі</li> <li>2. «Алақай мен оқушымын» тренингі</li> <li>3. «Біздің сынып-бұл біз» тренингі</li> <li>4. «Мектептегі көңіл-күй» тренингі</li> </ol>	Түзету – дамыту	1 сынып	Тоқсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
<p>Бесінші сынып оқушыларын бастауыш буыннан орта буынға өту кезіндегі бейімделуіне психологиялық сабақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «Бірінші рет 5 сыныпқа » тренингі</li> <li>2. «Менің мектептегі сезімім» тренингі</li> <li>3. «Мен өзімді мақтай аламын» тренингі</li> <li>4. «Реніштен арылу» тренингі</li> </ol>	Түзету -дамыту	5 сынып	Тоқсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
<p>Мектеп бітіруші 11 сынып оқушыларын ҰБТ-ға және мамандық таңдауға педагогикалық-психологиялық бағытта психологиялық сабақ:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. «ҰБТ дегеніміз не және оның мен үшін маңыздылығы қандай?»</li> <li>2. «Кәсіптік бағдар: Кім болғым келеді?» тренингі</li> <li>3. «Емтихан кезіндегі стресстен қалай арыламыз?» тренингі</li> <li>4. «Толеранттылық (төзімділік) деген не?» тренингі</li> </ol>	Түзету -дамыту	11 сынып	Тоқсанына 1 рет	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама

«Пікірталас –жанжал емес»	Түзету – дамыту	6 сынып	Қазан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Мен өзімді мақтай аламын»	Түзету – дамыту	4 сынып	Қазан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Қауіпті жағдайлар. Сыпайы бас тарту»	Түзету – дамыту	3 сынып	Қараша	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Ашу-ыза билегенде не істеу керек?»	Түзету – дамыту	10 сынып	Желтоқсан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Күйзелістен қалай арылуға болады?»	Түзету – дамыту	8-9 сынып	Желтоқсан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Реніштен арылу»	Түзету – дамыту	6 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Ой, сезім, мінез-құлық»	Түзету – дамыту	8 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
Бастауыш сынып оқушыларының танымдық процестерін түзету- дамыту жаттығулары	Түзету – дамыту	2-4 сынып	Қаңтар	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Өтініш және менің оған деген қарым-қатынасым»	Түзету – дамыту	7 сынып	Ақпан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Менің құқықтарым»	Түзету – дамыту	9 сынып	Ақпан	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама
«Қиын жағдайлардан не үйреніміз?»	Түзету – дамыту	10 сынып	Сәуір	Тренинг	Педагог – психолог	Анықтама

### III. Профилактика және психологиялық ағарту

«Балалар үшін бірігейік» сынып жетекшілерді ақпараттандыру	Ағарту жұмысы	5-11 сынып жетекшілері	Қыркүйек	Жаднама тарату Жиналыс	Педагог – психолог	Хаттама
Жеткіншектердің психологиялық денсаулығын сақтау және нығайту. «Менің психологиялық денсаулығым»	Профилактика	7-8 сынып	Қараша	Дәріс	Педагог – психолог Емхана, ЖБО мамандарым ен бірлескен	Анықтама



3.	Қыз балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу	Ағарту жұмысы	7-10 сынып	Желтоқсан	Кездесу	жұмыс ДТО Педагог – психолог Мектеп аяжаны	Анықтама
	«Репродуктивті саулық. Оны сақтау дағдылары»	Профилактика	8-10 сынып	Қаңтар	Дәріс, кеңес беру	Педагог – психолог Емхана, ЖБО мамандарым ен бірлескен жұмыс	Анықтама, хаттама
	Психологиялық апталық	Ағарту жұмысы	1-11 сынып, ата-ана, мұғалімдер	Ақпан	Апталық	Педагог – психолог Сынып жетекшісі	Қорытынды есеп
	Ер балалармен психикалық саулығын нығайту, тәртіпсіздіктің алдын алу, жеке бас қауіпсіздігін сақтауға бағытталған кездесу өткізу	Ағарту жұмысы	7-10 сынып	Ақпан	Кездесу	ДТО Педагог – психолог Мектеп аяжаны Мектеп инспекторы	Анықтама
7.	«Stop bullying». Бәрі сенің қолыңда!	Ағарту жұмысы	5-9 сынып	Ақпан	3 күндік акция	ДТО Педагог – психолог Әлеуметтік педагог	Қорытынды есеп

#### IV. Консультация беру



1.	1,5 сыныпқа жүргізілген диагностикалық жұмыстың қорытындысы бойынша кеңес беру	Кеңес беру	1,5 сынып оқушылар	Қыркүйек			Кеңес беру журналына тіркеу
----	--	------------	--------------------	----------	--	--	-----------------------------

Ерекше білім беруді қажет ететін оқушыларға сабақ беретін пән мұғалімдері, ата-аналарға психологиялық сүйемелдеу	Ағарту жұмысы	Пән мұғалімдері ата-аналар	Қыркүйек			ПІҚҚ хаттамасы
Жасөспірімнің психикалық саулығын бағалау шкаласы бойынша анықталған оқушылармен сұхбат жүргізу, «Жоғарғы қадағалау тобына» алынатын оқушымен жеке сұхбат жүргізіп, ата-анасын хабардар ете отырып, арнайы маманға жолдау;	Кеңес беру	5-11 сынып	Кезінде			Кеңес беру журналына тіркеу
Сұраныс (сынып жетекшісі, пән мұғалімі, ата-ана) негізінде жеке және топтық кеңес беру	Кеңес беру	Мұғалім, ата-ана, оқушы	Кезінде			Кеңес беру журналына тіркеу

*V. Ұйымдастыру-әдістемелік жұмыс*

Психологиялық қызмет бойынша жыл бойы жүргізілетін зерттеу жұмыстарына, өткізілетін психологиялық түзету-дамыту сабақтарына ата-аналар ұқсатын алу		1-11 сынып ата-аналары	Қыркүйек	Келісім парағы		Келісім парағын жинақтау
Ата – аналар жиналысы №1. «Балалар үшін бірігейік» ата-аналарды ақпараттандыру жиналысы №2. Бала құқығы, зорлық-зомбылықтың алдын алу» ақырыбында мектеп инспекторы, мектеп аяжаны, мектеп психологі маманмен		Ата-аналар	Тоқсанына 1 рет	Жаднама тарату Жиналыс		Хаттама

бірлескен жиналыс №3. Ерте жүктілік №4. Онлайн ойындар						
Психологиялық қызмет отырысын үйлестіру		ПҚ мүшелері	Кезінде	Жианлыс		Хаттама
ПҚ жартыжылдық және жылдық қызметі туралы талдамалық есептер			Жарты жылдық			Қорытынды есеп

Мектеп психологтары:  Е.Жұмағұлов  
 Б.Ермаханова